

2005 жылғы 4 шілдедегі Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы хаттама

Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі Тараптар деп аталатын) 2005 жылғы 4 шілдедегі Қытай Халық Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін реттеу туралы келісімнің (бұдан әрі Келісім деп аталатын) 45-бабы негізінде төмендегілерден тұратын өзгерістер мен толықтыру енгізуге келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. 5 - баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

Орталықтың жалпы алаңы 5,28 ш. км. құрайды, оның қытай бөлігінің алаңы – 3,43 ш. км, қазақстандық бөлігінің алаңы – 1,85 ш. км.

2. 9 - бап мынадай абзацпен толықтырылсын:

«Қытай Халық Республикасының және Қазақстан Республикасының Шекара қызметтері Орталықтың қытай және қазақстандық бөліктерінің аумағындағы Тараптардың басқарушы органдарының жұмыс кездесулеріне және үйлестіруге қатысушылардың, сарапшыларының және көлік құралдарының оңай өтуін қамтамасыз етеді.».

3. Оның бұрынғы № 1 - қосымшасын ауыстыра отырып, осы Хаттаманың қосымшасы (Орталық аумағының географиялық координаттары, орналасу схемасы және шекара аумағы) Келісімнің № 1 қосымшасы болып табылады.

2-бап

Осы Хаттама Тараптардың күшіне енуіне қажетті мемлекет ішіндегі рәсімдердің орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

3-бап

Осы Хаттама Келісімнің қолдану мерзімінде күшінде болады.

Пекин қаласында 2006 жылғы «20» желтоқсанда әрқайсысы қытай, қазақ және орыс тілдеріндегі екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қытай Халық Республикасының
Үкіметі үшін



Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

